

## **АЙМАҚАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ ПЕН ДАМЫТУДЫҢ АШЫҚ ҮЛГІДЕГІ "ДОСТАСТЫҚ" АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 10 ақпан 1994 ж. N 166**

Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы кәсіпорындары мен ұйымдарының ынтымақтастығын нығайту және шаруашылық байланыстарын сақтап қалу, сондай-ақ нарықты өндірістік және тұтыну тауарларымен неғұрлым толығырақ қанағаттандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, мекемелері мен ұйымдары құрған аймақаралық экономикалық ынтымақтастық пен дамудың ашық үлгідегі "Достастық" ("Достастық" АҚ) акционерлік қоғамын құру мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті "Достастық" АҚ-ның атқарушы аппаратын Алматы қаласында орналастыру туралы мәселені қарайтын болсын.

3. "Достастық" АҚ-на мемлекет мұқтажы үшін белгіленген

тапсырмаларын орындағаннан кейін меншік нысандарына қарамастан шаруашылық жүргізуші субъектілерден өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алуға рұқсат берілсін.

4. Мемлекеттік басқару органдары "Достастық" АҚ қызметіне жәрдемдесетін болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі